

МРНТИ 16.21.47

А.Д. Серікбаева

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері

ЛАТЫН ӘЛПБИІМЕН ТАҢБАЛАНҒАН ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫ (1931 және 1940 жылдарға шегініс)

Аннотация. Қазақ есімдері мен жер-су аттарының қазақ әдеби тіл нормасына сай дұрыс жазылуы, таңбалануы, басқа тілдерге (орыс, ағылшын тілдеріне) дұрыс транслитерациялануы – күн тәртібіндегі мәселелердің бірі. Қазақ ономастикасы – өткен күн мен болашақтың жүгін арқалап келе жатқан сала. Қазақ кісі есімдері мен тарихи қалыптасқан жер-су аттары, аспан денелері аттары, т.б. ғасырлар бойы өз бойында тарихи-мәдени ақпараттарды сақтап келеді. Қазақ ономастикасы – қазақ халқының танымындағы, тұрмыс-тіршілігіндегі ғасырлар бойы жинақталған білімдер жүйесін сақтап келе жатқан ұлттық құндылықтарымыздың бірі. Осы құндылықтарымызды сақтап қалу, әрі қарай жалғастырудың кепілі – қазақ есімдерін, кісі аттарын, жер-су аттарын қазақ тілінің нормасына, емле ережелеріне сай дұрыс жазу, таңбалау. Қазақ кісі аттарын, жер-су аттарын дұрыс жазуда қазақ әдеби тілінің нормасы, емле ережелері басшылыққа алынады.

Мақалада 1931 және 1940 жж. мерзімді басылымдардағы латын әліпбиімен жазылған қазақ антропонимдері мен топонимдерінің таңбалануы мәселесіне (тыныс белгілері, бас әріп және т.б.) талдау жасалады.

Тірек сөздер: қазақ ономастикасы, ұлттық антропонимдік жүйе, кісі аттары, жер-су аттары, латын әліпбиі, емле ережелері, транслитерация, транскрипция, тілдік норма.

А.Д. Серікбаева

Младший научный сотрудник Института языкознания
имени А. Байтұрсынова

ОБОЗНАЧЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ОНОМАСТИКИ НА ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКЕ (отступление в 1931-1940 гг.)

Аннотация. Правописание, маркировка казахских имен и топонимов в соответствии с нормами казахского литературного языка, правильная транслитерация на другие языки (русский, английский) – один из вопросов повестки дня. Казахская ономастика-это отрасль, которая несет груз прошлого и будущего. Казахские имена и исторически сложившиеся топонимы, имена небесных тел и т.д. на протяжении веков хранят в себе историко-культурную информацию. Казахская ономастика-одна из наших национальных ценностей, которая сохраняет многовековую систему знаний в познании, быте казахского народа. Залог сохранения и продолжения этих ценностей-правильное написание, маркировка казахских имен, антропонимов, топонимов в соответствии с нормами казахского языка, правилами правописания. При правильном написании казахских антропонимов и топонимов соблюдаются нормы казахского литературного языка, правила правописания.

В данной статье анализируются проблемы правописания (пунктуация, заглавная буква и др.) казахских антропонимов и топонимов, написанных на латинском алфавите в периодических изданиях в 193-1940 гг.

Ключевые слова: казахская ономастика, национальная антропонимическая система, антропонимы, топонимы, латинский алфавит, правила правописания, транслитерация, транскрипция, языковая норма.

A.D. Serikbaeva

Junior Researcher at the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov

DESIGNATIONS OF KAZAKH ONOMASTICS IN LATIN GRAPHICS (1931-1940)

Annotation. Spelling, marking of Kazakh names and names of zher-su in accordance with the norms of the Kazakh literary language, correct Transliteration into other languages (Russian, English) is one of the issues on the agenda. Kazakh onomastics is an industry that carries the weight of the past and the future. Kazakh names and historically formed names of lands-waters, names of celestial bodies, etc. They have been storing historical and cultural information for centuries. Kazakh onomastics is one of our national values, which preserves the centuries - old system of knowledge in the knowledge and life of the Kazakh people. The key to the preservation and continuation of these values is the correct spelling, marking of Kazakh names, names, names of land-water in accordance with the norms of the Kazakh language, the rules of spelling. When correctly spelling Kazakh names, land-water names are guided by the norms of the Kazakh literary language, the rules of spelling.

This article analyzes the problems of spelling of Kazakh anthroponyms and toponyms written in Latin graphics in periodicals of 1931 and 1940.

Keywords: Kazakh onomastics, national anthroponimic system, anthroponyms, toponyms, Latin alphabet, rules of spelling, transliteration, transcription, language norm.

«Жазу – мәдени мұра. Ол ең алдымен тіл мәдениетінің бүгінгісі мен ертеңгісін қамтамасыз етуге тиіс» деген М.Балақаевтың сөзі қазақ ономастикасы саласының өзекті мәселесіне айналып отыр. Яғни қазақ есімдері мен жер-су аттарының қазақ әдеби тіл нормасына сай дұрыс жазылуы, таңбалануы, басқа тілдерге (орыс, ағылшын тілдеріне) дұрыс транслитерациялануы – күн тәртібіндегі мәселелердің бірі. Қазақ ономастикасы өткен күн мен болашақтың жүгін арқалап келе жатқан сала. Қазақ кісі есімдері мен тарихи қалыптасқан жер-су аттары, аспан денелері аттары, т.б. ғасырлар бойы өз бойында тарихи-мәдени ақпараттарды сақтап келеді. Қазақ ономастикасы – қазақ халқының танымындағы, тұрмыс-тіршілігіндегі ғасырлар бойы жинақталған білімдер жүйесін сақтап келе жатқан ұлттық құндылықтарымыздың бірі. Осы құндылықтарымызды сақтап қалу, әрі қарай жалғастырудың кепілі – қазақ есімдерін, кісі аттарын, жер-су аттарын қазақ тілінің нормасына, емле ережелеріне сай дұрыс жазу, таңбалау.

Емле, яғни сауатты жазу мәселесі – қай кезеңде де тілді жазба түрінде пайдалану барысында дүниеге келетін талғап, орфографиялық нормалар да – бүгінгі таңда қайта қарастырып сәттері бар және ол сәттер лексикалық, грамматикалық нормалармен ұштасып жататын іс-қаракеттер [1, 45].

Қазақ кісі аттарын, жер-су аттарын дұрыс жазуда қазақ әдеби тілінің нормасы, емле ережелері басшылыққа алынады. Қазіргі таңда өзекті болып тұрған қазақ емле ережесі туралы мәселелер өткен ғасырда да өзектілігін жоғалтпағанын қазақ зиялыларының еңбектерінен байқауға болады. Қазақ емле ережесі туралы Р.Сыздық былай дейді: «Қазақ емлесі мен сөзді дұрыс дыбыстауға қатысты күні бүгінге дейін орын алып келген қиындықтардың түптөркіні 1929 жылы араб жазуынан латынға, 1940 жылы латыннан криллицаға көшкен кезде әрі қауырттықтан (екі сәттің де саясат тоқпағынан «от ала келгендей») тездікпен орындалғанын білеміз), әрі сол кезде тіл, жазу, сөзді дұрыс айту мәдениеті дегендердің ғылыми танымдары қалыптаса қоймағандығынан туған жайттарда жатқанын айту керек. Тіпті бұл күндердің өзінде тіл мәдениетінің оның өзекті проблемасы – норма дегеннің теориялық негіздері түгел қаланып, практикалық шешімдері түгел жүзеге асып болған дей алмаймыз» [1, 49].

С. Аманжолов әліпби тарихы жайында мынадай мәлімет айтады: «Араб әліппесін жамаудан түк шықпайтынын, латынға көшудің керектігін XIX ғасырда Персияда бірінші рет қойған Малкомхан болса, түрік системалы тілі бар халықтар ішінен әзербайжандық жазушы-драматург Мирза Фетх-Али Ахундов (1863) деген адам болды. Бірақ олардың заманында бұл сияқты ірі реформаға жол берілмейтіні мәлім ғой. Араб әліппесі қанша кесірі болса да, көп заман қолданылып келді. 1922 жылы Октябрь революциясының артынан-ақ, Әзербайжанда араб әліппесіне қарсы қозғалыс қайта басталады. Мұны бастаушы революционер, большевик Ағамалы оғлы деген адам болды. Мұның идеясы бүкіл Советтер Союзындағы елдерге, оның ішінде біздің қазақ еңбекшілеріне келіп жетеді... 1926 жылы Бакуда бүкіл түрік системалы тілі бар елдердің бүкіл Союздық съезі болды. Мұндағы күрделі мәселесінің бірі – латын әліппесіне көшу мәселесі еді. Съезге қатынасушы ұлтшылдар мейлінше қар-сылық пікірлерін айтты. Бірақ Совет оқымыстыларының көпшілігі болып, латын әліппесін қуаттап, қарсы алды. Қаулыда: «латын әліппесі прогрессивтік нәрсе, оның алынуы, оның іске асу жағы жергілікті жерлерде қарастырылып, баспалардың тәжірибелері пайдаланылсын...» деген еді. Ұлтшылдар латын әліппесін алдыртпау жағын ерекше қадағалады. Осының салдарынан да біз латын әліппесін басқалардың көбінен кейін көштік (1929 жыл, январь)... Араб әліппесінің қиыншылықтары, ауырлықтары, азаптары арқасына батқанның бірі болған қазақ еңбекшілері, 1929 жылы латынға көшіп, көзі жарқ етіп ашылғандай болды. Бірақта, бұл көшудің өзінде де кемшіліксіз болғанымыз жоқ» [2, 248].

Жұмысымыздың материалы ретінде 1931 жылы шыққан «Әйел теңдігі» журналынан және 1940 жылы шыққан «Социалистік Алтай» газетінен антропонимдер мен топонимдердің латын әліпбиі бойынша жазылуын қарастырдық.

1931 жылы шыққан «Әйел теңдігі» журналының №1-2-3 нөмірлерінде пунктуацияға аса мән берілмеген. Журналдағы мақалаларда бас әріп мүлдем кездеспейді. Жалқы есімдердің барлығы кіші әріппен жазылған. Бұлайша жазу үрдісі араб жазуының әсерінен болуы мүмкін. Араб жазуындағы тыныс белгілер жайында Р.Сыздық мынандай пікір айтады: «Жазба мәтіндерде тыныс белгілерінің ережелерін түзу (жасау) және оны пайдалану проблемасы қазақ мәтіндерінде XIX ғасырдың соңғы онжылдықтарында көтеріліп, XX ғасырдың басында дұрыс, сауатты жазу үшін пунктуация өте қажетті проблема екендігі орнықты. Араб таңбалы жазуда тыныс белгілерінің жоқ болғандығы, бас әріп таңбасының жоқтығы мәтінді дұрыс жазуға, түсініп оқуға кедергі келтіретіндігі сөз болды. Әсіресе «Түркістан уәлаяты» мен «Дала уәлаяты» газеттері жарық көре бастағанда, тыныс белгілерін қолдану әрекеті басталды. «Синтаксистік тұтастық» (период) деп аталатын мәтін сегменттерін (бөліктерін) айырып, азат жолдан (абзацтан, жаңа жолдан) бастап жазу да осы кезде көрінді. А. Байтұрсынұвтың оқулықтары мен еңбектерінде, XX ғасырдың басында шығып тұрған «Қазақ», «Айқап» газеттерінде кеңінен орын алды. Араб жазуымен ұсынылған мәтінде орын алмаған (және орын алуы мүмкін де емес) мәселе – бас әріптің қолданылуы болып қала берді, сондай-ақ дефис пен сызықшаның қолданысы, оқшау сөздердің сөйлемдегі өзге сөздерден тыныс белгілерімен, көбінесе үтірмен бөлектегілігі көрсетілуі сияқты пунктуацияның жеке тұстары да әлі айқындалып, тұрақталмағандығы көрінді» [3].

Журналда барлық сөйлемдер кіші әріппен басталғанымен, мақала мәтініндегі жаңа логикалық ой азат жол арқылы бөлініп отырған. Ал журналдың №11-12 нөмірлерінде кісі аттары, жер-су аттары, жалпы жалқы есімдер бас әріппен беріліп отырған.

1929 жылы қабылданған латын әліпбиінде сөздердің жуан не жіңішке айтылуына байланысты қабылданған *ij, ъj, иj, уj* қос дыбыстар біраз дау тудырған. Кейінірек бұл қос дыбыстар бір ғана «*i*», «*u*» таңбаларына ауыстырылды.

«Әйел теңдігі» журналында *ij, ъj, иj, уj* қос дыбыстармен жазылған антропоним, топонимдер кездеседі: *nurim kelini qazьjna, Qanarьja әjeli Вәвiс, ijbano basnesen, вәқуv*.

Журналдың аталған нөмірінде *Ҷетписраj qьзь* және *Ҷетписваj qьзь* деп екі түрлі жазылған,

яғни алғашқысында «р» (п) таңбасымен берілсе, соңғысында «в» (б) таңбасымен берілген. «Әйел теңдігі» журналы, 1931 ж., №1-2-3

Антропоним	Кирилл жазуы бойынша транскрипциясы	Қазіргі кирилл жазуы бойынша транскрипциясы
devätulь	дебәт ұлы	Дебәтұлы
ävdikärimkelini q	әбдікәрім келіні қ	Әбдікәрім келіні Қ
naçajkelini	нағай келіні	Нағай келіні
nurimkeliniqazьjna	нүрім келіні қазыйна	Нұрым келіні Қазина
toqtavajulь	тоқтабай ұлы	Токтабайұлы
өтер ulь	өтеп ұлы	Өтепұлы

«Әйел теңдігі» журналы, 1931 ж., №11-12

Антропоним	Кирилл жазуы бойынша транскрипциясы	Қазіргі кирилл жазуы бойынша транскрипциясы
Aqьmet ulь	Ақымет ұлы	Ахметұлы
Bajmaqambet әjeli	Баймағамбет әйелі	Баймағамбет әйелі
Çajmardan kelini Zaçьjla	Шаймардан келіні Зағыйла	Шаймардан келіні Загила
Çajsultan qьзь	Жайсұлтан қызы	Жайсұлтанқызы
Çangeldi ulь	Жангелді ұлы	Жангелдіұлы
Çetpisaaj qьзь	Жетпісбай қызы	Жетпісбайқызы
Çetpisaaj qьзь	Жетпіспай қызы	Жетпісбайқызы
Çoldavaq әjeli	Жолдабақ әйелі	Жолдабақ әйелі
Çolman qьзь	Жолман қызы	Жолманқызы
Çumaçul qьзь	Жұмағұл қызы	Жұмағұлқызы
Çyrgenvaj әjeli vәdece	Жүргенбай әйелі Бәдесе	Жүргенбай әйелі Бәдесе
Egir	Егір	Егір
Galacökin	Галашөкін	Голощёкин
Kençebek әjeli	Кенжебек әйелі	Кенжебек әйелі
Mәgjam	Мәриам	Мәриам
Qalavaaj kelini	Қалабай келіні	Қалабай келіні
Qalavaaj kelini	Қалабай келіні	Қалабай келіні
Qanарь/a әjeli Bәvis	Қанарья әйелі Бәбиш	Қанарья әйелі Бәбиш
Qultajәjeli Turьmca	Құлтай әйелі Тұрымша	Құлтай әйелі Тұрымша
Qьgçigit kelini Sьlkyulke	Қыржігіт келіні Сұлқұлке	Қыржігіт келіні Сұлқұлке
Sәrsenvaj әjeli	Сәрсенбай әйелі	Сәрсенбай әйелі
Tөlegen әjeli Bevarap	Төлеген әйелі Бебарап	Төлеген әйелі Бебарап
Tөlek ulь	Төлек ұлы	Төлекұлы
Әveken qьзь	Әбекен қызы	Әбекенқызы
Әsem kyl	Әсемкүл	Әсемкүл
Өtevaj	Өтебай	Өтебай
Өтер qьзь	Өтеп қызы	Өтепқызы
Өтер qьзь	Өтеп қызы	Өтепқызы
Ыsaulь Oraz	Ыйса ұлы Ораз	Исаұлы Ораз

Берілген кісі аттарының тізімінен байқағанымыз 1931 жылы кісі есімдерін жазуда ер кісі есімін жазғанда ұль-ұлы (өтер ұль, toqtavaj ұль, Çangeldi ұль, Aqьmet ұль) деп көрсеткен, ал әйел адамның есімін жазуда қызы не әйелі, не келіні (Çetpisaaj qьзь, Çumaçul qьзь, Әveken qьзь, Çolman qьзь, Çyrgenvaj әjeli vәdece, Çoldavaq әjeli, Sәrsenvaj әjeli, Bajmaqambet әjeli, ävdikärim kelini. q., naçaj kelini, Qalavaaj kelini, Çajmardan kelini Zaçьjla) деп көрсетіп отырған. Қазіргі кезде кісі аттарында «ұль», «қызы» бірге жазылып жүр. Ал «келіні» сөзі ресми сипаттан гөрі, ауызекі сөйлеу стилінде көп қолданылады.

«Әйел теңдігі» журналы, 1931 ж., №1-2-3

Топоним	Кирилл жазуы бойынша транскрипциясы	Қазіргі кирилл жазуы бойынша транскрипциясы
vәkьv	бәкүү	Баку
Leuingirat	леуінгірат	Ленинград
Maçanсь	мақаншы	Мақаншы
mәskev	мәскеу	Мәскеу
qazaçьstan	қазағыстан	Қазақстан

qostanaј	қостанай	Қостанай
stalingirat	сталингірат	Сталинград
<i>«Әйел теңдігі» журналы, 1931 ж., №11-12</i>		
Almatъ qalasъ	Алматы қаласы	Алматы қаласы
Aғыs ауданъ	Арыс ауданы	Арыс ауданы
Maqtalъ ауданъ	Мақталы ауданы	Мақталы ауданы
Qaskelenъ kәmуvnasъ	Қаскелең кәмуунасы	Қаскелең коммунасы
Qazaqъstan	Қазағыстан	Қазақстан
Sozaq ауданъ	Созак ауданы	Созак ауданы
Temir ауданъ	Темір ауданы	Темір ауданы

1941 жылы шыққан «Социалистік Алтай» газетіндегі кісі аттарына келсек, бұл жылы шыққан мақалаларда кісі аттарының көбі қазіргі қазақ әдеби тілінің нормасына сай латын әліпбиі бойынша жазылған. 1940 жылғы латын әліпбиі 1931 жылғы баспасөз беттеріндегі латын жазуына қарағанда едәуір жеңілдетілген. 1940 жылғы латын жазуларында қос дыбыстар мүлдем кездеспейді, оларды (қос дыбыстарды) «i», «u», «ü» таңбаларымен алмастырған. Есесіне қазіргі таңда қолданыста жүрген «x» (x), «v» (v) таңбалары енгізілген. 1931 жылы қазіргі қазақ тіліндегі «y» таңбасының рөлін атқарған «v» 1940 жылы «w» таңбасының орнына қолданылған.

1940 жылғы «Социалистік Алтай» газетіндегі мақалаларда кездесетін кісі есімдері 1931 жылғы мақалаларда кездесетін кісі есімдеріне қарағанда айтарлықтай айырмашылықтар бар. 1940 жылғы мақалаларда орыс тілінен енген -ov, -ev, -ova, -eva (-ov, -ev, -ova, -eva) фамилияжасаушы аффикстер жаппай қолданыла бастаған. 1931 жылғы мақалаларда мұндай фамилия жасаушы аффикстер мүлдем кездеспейді. Бұл факт орыс тілінің фамилия жасаушы аффикстері қазақ есімдер жүйесіне 1940 жылы «мықтап еніп» алғанын көрсетеді. Бұл кезеңде орыс тіліндегі әке атын жасаушы -ович, -евич, -овна, -евна аффикстері мақалада кездеспейді. Қазіргі кезде қазақ азаматтары КСРО кезінде ата-анасының, өзінің құжаттарында тегі (фамилиясы) мен әкесінің аты -ov, -ev, -ova, -eva, -ович, -евич, -овна, -евна аффикстерімен жазылғандықтан, осы аффикстерден өз еріктерімен бас тартып, тегі мен әкесінің атын қазақ ұлттық есімдер жүйесінде қалыптасқан дәстүр бойынша қайта рәсімдетіп жүр.

Социалистік Алтай, 1940 жыл.

Антропонимдер	Кирилл жазуы бойынша транскрипциясы	Қазіргі кирилл жазуы бойынша транскрипциясы
Avj qasimov	Абілқасимов	Әбілқасымов
AlъsorazovAbdolla	Алшыоразов Абдолла	Алшыоразов Абдолла
Alпыsbaev	Алпысбаев	Алпысбаев
Aqsaqov	Ақсақов	Ақсақов
Baikenov – 2 бет	Байкенов	Байкенов
Baimenov Myzас	Майменов Мырзаш	Майменов Мырзаш
BalqabaivBvgaev	Балқабай Ыбыраев	Балқабай Ыбыраев
Baumūqanov	Баумұқанов	Баумұқанов
Bәcirov	Бәшіров	Бәшіров
Caiaxmetov	Шайахметов	Шайахметов
Сekenov	Шекенов	Шекенов
Сiembaev	Жиёмбаев	Жиёмбаев
DaigabaevQūlatai	Дайрабаев Құлатай	Дайрабаев Құлатай
DemeuovManaspai	Демеуов Манаспай	Демеуов Манаспай
Ertysbaev	Ертисбаев	Ертисбаев
Isabekov	Исабеков	Исабеков
ItraevQūseit	Итраев Құлсейт	Итраев Құлсейт
Kүrkebaev	Куркебаев	Куркебаев
M. Çynjsov	М. Жүнісов	М. Жүнісов
MaianovNūrmaqan	Майанов Нұрмақан	Майанов Нұрмақан
MaqzūmbekovTapan	Мақзұмбеков Тапан	Мақзұмбеков Тапан
Mūrzaliev	Мұрзалиев	Мұрзалиев

Mūxamedçanov	Мұхамеджанов	Мұхамеджанов
Mūxametov	Мұхаметов	Мұхаметов
NağmьbaevBeisembai	Нарымбаев Бейсембай	Нарымбаев Бейсембай
QaimoldenZiada	Қаймолден Зиада	Қаймолден Зиада
Qaliev	Қалиев	Қалиев
Qarsaqpai	Қарсақпай	Қарсақпай
Qūсайынов	Құсайынов	Құсайынов
Qыстаубаев	Қыстаубаев	Қыстаубаев
Sавьгбаева	Сабырбаева	Сабырбаева
Sалықбаев	Салықбаев	Салықбаев
Sapiev	Сапиев	Сапиев
SeғjкбаевSamat	Серікбаев Самат	Серікбаев Самат
Smaқūlov	Смағұлов	Смағұлов
Sūлейменов	Сүлейменов	Сүлейменов
Toxataev	Тохтаев	Тохтаев
Toxmetov	Тохметов	Тохметов
Tūrqambaev	Тұрдамбаев	Тұрдамбаев
Tөлеубаев	Төлеубаев	Төлеубаев
Ө. Bјікембаев	Ө. Біткембаев	Ө. Біткембаев
Ө. Qazaқбаев	Ө. Қазақбаев	Ө. Қазақбаев
Ө. Tәғjбаев	Ө. Тәжібаев	Ө. Тәжібаев
Өbdiev	Өбдиев	Өбдиев
Өbildenov	Өбилденов	Өбилденов

1940 жылғы «Социалистік Алтай» газетіндегі мақалаларда кездесетін жер-су аттарының транскрипциясы қазақ тіліндегі жер-су аттарының қазіргі кездегі таңбалануымен сәйкес келеді. Дегенмен, 1940 жылғы мақалаларда жер-су аттарын латынша таңбалауда орыс тілінің ықпалы көрініп тұр. Күні бүгінге дейін орыс тілінде бұрмаланып жүрген қазақ тіліндегі тарихи жер-су аттарының бұрмалану үдерісі сол кезден бастау ала бастағанға ұқсайды. Мақалаларда *Alma-ata qalası*, *Bolce-Naryn*, *Sary-ozek* сияқты атаулардың таңбалануында орыс тілінің ықпалы сезіледі. Жалпы қазақ тілінің емле ережелеріне қатысты сол кезде С.Аманжолов жер-су аттарына байланысты дұрыс жазу ережелерін ұсынған. «Қазақстанның географиялық атаулары транскрипциясының негізгі ережелері» жобасында: «Составные нерусские названия географических объектов Казахстана (казахские, узбекские, киргизские, уйгурские, туркменские, татарские, башкирские, калмыцкие, дунганские, корейские, немецкий и др.) во всех случаях пишутся слитно. Например: Всегда пишется Атбасар, Тарбагатай, а не Ат-Басар, Тарбага-Тай. Соответственно нужно писать Актау (Ақтау), Каракум (Қарақұм), Сарысу, а не Ак-Тау, Кара-Кум, Сары-Су (и не Ак-тау, Кара-кум, Сары-су)» [2, 317] деп көрсеткен.

Социалистік Алтай, 1940 жыл

Топонимдер	Кирилл жазуы бойынша транскрипциясы	Қазіргі кирилл жазуы бойынша транскрипциясы
Ассьсаі	Ашшысай	Ащысай
Alma-ataqalası	Алма-ата қаласы	Алматы қаласы
Altai	Алтай	Алтай
Aqtөве	Ақтөбе	Ақтөбе
Balqac	Балқаш	Балқаш
Bolce-Naғьп	Болше-Нарын	Үлкен Нарын
Çарон	Жапон	Жапон
Çimkent	Шымкент	Шымкент
Emба	Емба	Ембі
Ertjс	Ертіс	Ертіс
Germania	Германия	Германия
Guansiпровинсиасы	Гуанси провинсиасы	Гуанси провинциясы
Kanibadamqalası	Канибадам қаласы	Канибадам қаласы
Leninabad	Ленинабад	Ленинабад
Mәскеу	Мәскеу	Мәскеу
Qарағандь	Қарағанды	Қарағанды
Qытай	Қытай	Қытай

Sary-özек	Сары-өзек	Сарыөзек
Stalinabad	Сталинабад	Сталинабад
Xuanxe	Хуанхе	Хуанхе
Zaisan	Зайсан	Зайсан
Zirän	Зирән	Зырян
Täşjkstan	Тәжікстан	Тәжікстан

Қорыға келгенде, кісі есімдерін, жер-су аттарын жазуда 1931 жылғы латын әліпбиі мен 1940 жылғы латын әліпбиінің арасында едәуір айырмашылықтар бар. 1931 жылғы латын әліпбиінің кемшіл тұстары көп болғанымен, қазақ ұлттық есімдер жүйесіндегі дәстүр жалғастығы сақталған. Яғни кісі аттарын жазғанда *уль-ұлы* (*өтер уль, тоқтабай уль, Çangeldi уль, Ақымет уль*), қызы, әйелі, не келіні (*Çetpispaj qызь, Çitmaqul qызь, Әбекен qызь, Çolman qызь, Çyrgenvaj әjeli wәdece, Çoldabaq әjeli, Sәрsetwaj әjeli, Wajmaqamwet әjeli, әwdikәrim kelini. q., naşaj kelini, Qalawaj kelini, Çajmardan kelini Zaşyja*) деп көрсетіп отырған. Топонимдерді де жазуда тарихи қалыптасқан жер-су аттары бұрмаланбай, сол күйінде жазылған. 1940 жылғы мақалаларда латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуы анағұрлым жетілдірілгендігі, толықтырылғандығы көрініп тұр. Дегенмен, осы тұста мақалаларда қазақ азаматтарының аты-жөндерінде орыс тілінен енген *-ов, -ев; -ова, -ева (-ов, -ев, -ова, -ева)* фамилия жасаушы аффикстер жаппай қолданыс тапқан. Жер-су аттары орыс тілінің әсерінен бұрмалана бастаған, екі сөзден бірігіп жасалған топонимдерді дефис арқылы жазу белең алған. 1940 жылдағы латын әліпбиі 1931 жылғы латын әліпбиіне қарағанда қолданылу жағынан қолайлы екендігі байқалады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-Шежіре, 2014. 15 б.
- [2] Аманжолов С. Тіл және жазу. Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2005. – 404 б.
- [3] Сыздық Р. «Байтұрсынов жазуы» және емле ереже тарихы [электрон. ресурс] <http://adebiportal.kz/bayt-tsynov-zhazyu>. (жүгіну уақыты: 3.10.2015)